



№45 (10035)
8 маусым,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық аземіміз

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Құрмет



Мемлекеттік рәміздер — басты құндылық

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері күніне орай өткен салтанатты шараға қатысып, аудан халқын айтулы күнмен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Елтаңба, Ту, Әнұран – Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтарының көрінісі, бейбітшіліктің, бірлік пен келісімнің, есіп-өркендеудің белгісі» деп рәміздердің ел өміріндегі маңызын сипаттаған болатын. Біздің рәміздерге деген құрмет – әрбір адамның өз елінің азаматы екенін қаншалықты деңгейде түйсінуінің, ел болашағына деген сенім мен сүйіспеншілік сезімдерінің өлшемі. Себебі Ту, Елтаңба және Гимн – өз мемлекеттілігін гасырлар бойы аңсаған азат ұлттың орындаған арманының белгісі. Оларды жүрегіне басып, маңдайына тигізіп қадірлеу арқылы егемен елдің еңсесі биік азаматтары қалыптасады, – деді Ардақ Ибраимов.

Салтанатты шарада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін құрметтеп дәріптеуде үздіктер қатарынан көрініп жүрген бірқатар азамат марапатталды. Қ.Қазантұев атындағы мәдениет үйі өнерпаздарының қатысуымен өткен мерекелік концерт жалағаштықтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ бейбіт шеру ұйымдастырылып, аудан мақтаншылары көк туымызды биікке көтеріп, көшелерді жүріп өтті.


Мемлекеттік рәміздер – біздің басты мақтаншымыз. Оған біздің құрметіміз жоғары. Әлемдік додаларда көк туымыз биікке желбіреп, әнұранымыз шырқалғанда қуанбайтын қазақ жоқ шығар. Ал соған себепкер болған спортшының қандай бақытқа бөленетінін бағамдай беріңіз. Жалпы кез келген азаматтың мемлекеттік рәміздерге деген құрметі жоғары болуы тиіс. Жас ұрпаққа да осындай тәрбие берілуі керек. Бүгінгі шара соның айғағы іспеттес. Көпшілік туымызды жоғары көтеріп, бейбіт шеру ұйымдастырғанымызда балалардың бізді көріп, қолдарын жүректеріне қойып, жол жиегінде тұра қалғаны өнегелі жастардың есіп келе жатқанын білдіреді. Көк байрағымыз биікке желбіреп, тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемен елдің болашағы жарқын болсын. Қазақты ауызбіршіліктен айырмасын. Негізінде тек мерекеден ғана емес, біз мемлекеттік рәміздерге мәңгі құрметпен қарауымыз керек, – дейді кент тұрғыны Нұрлыбек Пахраддин.

«ЖОЖ» ақпарат



Кеңес

Қылмыстың алдын алған бәрінен тиімді



Биыл 5 айда ауданда 45 қылмыс тіркелген. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3 қылмыстық құқық бұзушылыққа азайған. Әйтсе де ұрлықтың артағанын айта кетейік. Жағдайды тұрақтандыру, мал ұрлықтарының алдын алу, қылмысты уақытында ашу, мал ұрлығын кәсіп еткен қылмыскерлер мен қылмыстық топтарды құрықтап, оларды жауапкершілікке тарту мақсатында ауданда 2 рет «Мал ұршыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылған. Бүгінде қылмыстың алдын алуға негізделген шаралар өз жемісін беруде. Комиссия отырысында аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Мәулен Өсер осылай деді.

Кәсіптік білім



Жылыжай ісі жанданған

Аудандағы Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі 7 жылдан бері жылыжай ісін жандандырып келеді. Бастапқыда қызанақ пен қияр өсіруді қолға алған колледж ұжымы соңғы 3 жылдан бері тек қияр егіп отыр. Себебі көкөністің екеуін бір аулада күтіп-баптау тиімсіз екен, бұған осындағы ұстаздар тәжірибе арқылы көз жеткізген.

Кәсіптік білім түрі айтарлықтай шығынды қажет етпейтін сыңайлы, мұндағы мұғалімдер қиярды тамшылатып суару арқылы өсіріп отыр. Жылыжай ісіне жауапты маман Берік Жүсіпбеков алдағы уақытта басқа да өнімдерді күтіп-баптау жоспарда барын жасаймады.

Колледж директоры Нұрхан Әбдіхалықов әріптесінің бұл сөзін жоққа шығармады. Яғни оқу орнына тиесілі жерлерді игеріп, оны аяқсумен қамтамасыз етсе, тағы да жылыжай ашып, көкөністің басқа да түрлерін өсіруді қолға алатынын жеткізді.

Біз өзіміз кәсіптік білімді жетік білетін мамандар дайындайтын болғандықтан мұндағы ұстаздар үнемі ізденіс үстінде жүреді. Бірінші кезекте әріптестеріміз осыны талап етеміз. Нәтиже де жоқ емес, қазіргі таңда колледж ұжымы бәсекеге қабілетті, білікті мамандар дайындап келеді. Бұл жылыжайдың да жұмыс жасап тұрғанына жеті жыл болды. Содан бері тоқтатқан емеспіз. Оқу орнына тиесілі сыртта тағы жеріміз бар, алдағы уақытта оны да игеруге жұмыс жасаймыз. Егер аяқсу алып барсақ, сол жерде де тағы бір жылыжай ашу жоспарда бар. Онда құлпынай, бүлдірген өсіруді жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда біз зерттеу жұмыстарының арқасында бұл өнімдерді бізге жерсінетініне көз жеткіздік. Бұл жобаны алдағы жылдары қолға аламыз, – дейді колледж директоры Нұрхан Әбдіхалықов.

Нүрекен бұл бір жағынан осындағы мамандық игеріп жатқан балалардың тәжірибе жинауына да айтарлықтай қолғабыс болғанын айтады. Мәселен, осыған дейін оқу орнында жеміс, көкөніс мамандығы бойынша 10 айлық курс болған. Бұл салада колледж қабырғасында білім алушылардың көп уақыты жылыжайда өтеді екен.

Қазіргі таңда колледждің материалдық базасы нығайып, елдің эко-

номикасын нығайтуға қажетті жаңадан мамандықтар ашылған. 450 орынға арнап салынған оқу орнында 186 студент ауыл шаруашылығын механикаландыру, дөңкерлеу, гимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану, электр жабдықтары мен тамақтандыру ісін ұйымдастыру мамандықтары бойынша білім алууда. Былтыр 129 талапкер бұл оқу орнының студенті атанса, биыл 50-ге жуық студент оқуды тәмамдайды.

Елімізде 2019 жыл «Жастар жылы» болып жариялануына байланысты колледж мемлекеттік «Жас маман» бағдарламасына қатысып, 2020 жылы облыс бойынша 9 колледждің ішінен мемлекеттік грант жеңіп алған. Бұл жоба аясында колледж еңбек нарығында сұранысқа ие болған екі мамандық бойынша 439 млн теңге қаржыға ауыл шаруашылығын механикаландыру және тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығы бойынша қажетті құрал-жабдықтар сатып алған. Мәселен, ауыл шаруашылығын механикаландыруға қажетті мұнда «John Deere» тракторы бар.

Студенттер трактор тізгіндемес бұрын сабақ барысында осы техникаларды іс жүзінде айдап үйренеді. Бұл трактор 60 операцияны орындай алады. Яғни дән себу, жер жырту, тракторға өнім тиеу, соқаны тіркеу секілді қызметтер оқу орнында орындалады. Осымен қатар экскаватор құрылғысы да бар. Ол жер қазып, тегістейді. Студенттерге тракторды қалай айдау керектігі, толық жұмыс жасау барысы үйретіледі. Осы жерден талапкер ауыл шаруашылығы мен еркін-еркін меңгереді, – дейді оқу орнының директоры.

Мұнда бұдан бөлек айналмалы соқа, тыңайтқыш сепкіш, «Claas» комбайн, экскаватор, «Landini» тракторы сынды қажетті басқа да заманауи техникалар

бар. Олар колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтуда. Қазіргі таңда бұл техникалар жаңартылған білім бағдарламасына енгізіліп, күнделікті оқу-үйрену процесіне пайдаланылууда. Соның арқасында түлектердің жыл сайын 82 пайыздан астамы жұмыспен қамтылууда.

Айта кетейік, оқу орны білім алушылардың ауданның ірі шаруа қожалықтарында тәжірибеден өтуіне барлық жағдай жасаған. Мұндағы жастар 2 ай іс жүзінде тәжірибе алмасу арқылы өздерін шыңдап, мамандығына машықтанады. Ал тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығы бойынша кәсіпкерлікке үйрену, өт турағыш, қамыр илеп, оны жайып кесетін арнайы құрылғылар оқу процесі кезінде қолданылып, студенттердің сапалы білім алып, білікті маман болып даярлануына пайдаланылады. Балалар виртуалды әлемді көру арқылы теория түрінде техника қауіпсіздігін үйренеді. Мұнан кейін арнайы тест арқылы сынақтан өтеді. Колледжде 23 пән кабинеті мен шеберхана қарастырылған.

Студенттердің сұранысына сай 50 орындық жатақханада 18 студент бар. Сондай-ақ барлық білім алушыға шәкіртақы тағайындалған. Бізде студенттерге ыстық тамақ қарастырылмаған, бірақ толық емес отбасылар мен көпбалалы отбасылардан шыққан жүзге жуық студентке 14 508 теңге беріледі. Кітапхана қорында арнайы 10 234 кітап бар. «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында студенттердің қатысуымен түрлі шаралар, әдеби тағамдық кештер өткізіліп тұрады. Soworkinq орталығы да керекті құрал-жабдықтармен қамтылған. Мұнда білім алушыларға сабақтан тыс уақытта кітап оқып, дойбы, шахмат сынды ойын ойнауға мүмкіндік қарастырылған, – дейді Нұрхан Боранбайұлы.

Біліктілік пен жаңашылдықты бас-ты назарда ұстайтын оқу орнында қырыққа жуық инженер-педагог сапалы білім беруде. Келешегі кемел білім ордасының алдағы уақытта да кәсіп білім иелерін шыңдайтыны анық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қабылдау Қаламгерге көрсетілген құрмет

Жуырда ауданға облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов жұмыс сапарымен келді. Аудан әкімдігінде Қазақстан Журналистер одағы мен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ауданның құрметті азаматы Шыңғыс Айбосыновты қабылдап, қарымды қаламгерге құрмет көрсетті.

Айта кетейік, Шыңғыс Айбосынов 1936 жылы 8 мамырда Арал ауданы Сарбасат ауылдық кеңесіне қарасты Үшкөл ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Сексеуіл станциясындағы №423 орта мектепті бітіріп, сол жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы пединституттың физика-математика факультетіне түсіп, 1960 жылы тәмамдаған. 1960-1965 жылдары өзі оқыған №423 орта мектепте мұғалім болып еңбек етті. 1965-1973 жылдары Арал аудандық партия комитетінде нұсқаушы, саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі қызметін атқарып, 1968 жылы Алматы қаласындағы Жоғары партия мектебін бітірген. 1973-1986 жылдары Жалағаш аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімін басқарған.

Ол 1988-1998 жылдары Жалағаш кенті кеңесінің төрағасы, кейін әкімі болып қызмет атқарды. 1998-2003 жылдары «Жалағаш мұнайы» АҚ-ның президенті болды. 1968-1991 жылға дейін

Арал қалалық, Жалағаш аудандық, Жалағаш кенті кеңесіне 23 жыл депутат болды. 15 жыл Жалағаш аудандық партия комитетінің пленум мүшесі, 15 жыл бюро мүшелігіне сайланған.

Осыған дейін қарымды қаламгердің «Қазантөле мектебі», «Тынарбай Төлегенов», «Сыр елінің қайраткер қызы», «Қаламгерлік», «Зейнеткерлік», «Егемендік» атты еңбектері жарыққа шыққан. Сондай-ақ оның шығармалары «Армандап өткен ғұмыр», «Мардан», «Таңдамалы топтама», «Жалағаштың жарысы», «Елу жылда ел жаңа», «Жұлдызды ғұмыр», «Өнегесімен өркен жайған», «Туған өлке – тұнған шежіре», «Жалағаш жарысы жаңа белесте», «Қызылқұмды түлеткендер», «Сайын аудандық сарбазы», «Қызылордалық қаһармандар» кітабында жарық көрген.

Оның егемен елдің ертеніне жасаған еңбегі еленіп, бірнеше рет марапат төрінен көрінді. Тарқатып айтсақ, «Құрмет белгісі» ордені, «Лениннің 100 жылдығы», «Ұлы Отан соғысының



50, 60, 65, 70 жылдығы», «Тыңның 20 жылдығы», «Тәуелсіздіктің 10 және 20 жылдығы» медальдары ағамыздың кеудесінен орын алды. Қарымды қаламгер өлі күнге дейін аудандық басшылықпен шығармашылық байланыста. Жиында Шыңғыс ағамыздың өнегелі өмір жолына тоқталған Өмірбек

Шәменов атпап азаматтың тағылымды ғұмыры еске алуға ұрпаққа үлгі екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол абиз ақсақалды «Қызылорда облысының құрметті ардагері» медалімен марапаттап, иығына шапан жапты.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Семинар Кассациялық сот құру – қоғам талабы



Бүгінде сот жұмысының сапасын арттыру мемлекеттің басты міндетінің бірі екені белгілі. Әрине, сот отырысында екі тараптың мүддесі қозғалғандықтан, жеңілген тараптың өкпе-реніші болатыны рас. Бірақ дауларды шешудің баламалы тәсілдерін енгізу, сот актілерін түсіндіру, сот отырыстарын дыбыс-бейне таспаға жазу бойынша қолға алынған шаралар сот жұмысына деген наразылықты біршама төмендеткен еді.

Жоғары сот бұл нәтижемен тоқтап қалмай, төрелікке деген сенімді қалыптастыруға тұрті болатын тетіктерді жан-жақты қарастыруда. Мәселен, келер жылы елімізде кассациялық сот құрылады. Кассациялық соттарды құру мәселесі сот саласының ортасында ғана емес, қоғамда талқыланып жатыр. Осы орайда кассациялық соттың мәртебесі және маңызы туралы аудандық сот ғимаратында өткен деңгелек үстелде аудандық сот төрағасы Асылхан Мизанбаев мәлімдеді.

Бастама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кассациялық сотты жасақтау жөніндегі тапсырмасынан соң жүзеге асуда. Мемлекет басшысы өткен жылдың қыркүйек айында отандық бизнес өкілдерімен кездесу барысында азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауды қамтамасыз ету үшін жекелеген кассациялық соттар құрудың маңыздылығына ерекше тоқталған.

Өз кезегінде тәуелсіз кассациялық сот құру сот төрелігінің сапасын және азаматтардың жалпы соттарға деген сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ кассациялық сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескере отырып шешім шығаруға жол ашады.

Астана қаласында азаматтық, қылмыстық және өкімшілік істер бойынша үш жеке кассациялық сот инстанциясы құрылады. Ең бастысы, бұл кассациялық орган толық тәуелсіз болады. Сонымен бірге істердің барлық санаттары бойынша арыздарды кассациялық сатыда алдын ала қарау сатысы алынып тасталуы да басты мәселе. Себебі бүгінге дейін істерді бір судьяның қарап, пайымдауымен алқа қарауына жіберілмей келгені белгілі. Бұл азаматтар мен кәсіпкерлердің заңды рөлін туындатқан еді. Сондай-ақ адвокаттар қауымы барлық санаттағы істерді қарауға тараптар міндетті түрде қатысуы керек ері істі алқалы құрам жүргізуі тиіс деген ұсыныстарын алға тартып отырса керек.

Семинарға судьялар мен сот қызметкерлерінен басқа жергілікті атқарушы және өкілетті органдар, сондай-ақ адвокаттар, сот орындаушылар, медиаторлар, билер кеңесі мүшелері, құқық қорғау органдарының, жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.

Жандос ЖАЗКЕН



Жемқорлықтың алдын алған абзал

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысы өтті. Жиында 2 мәселе қаралды, бірінші мәселе бойынша аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Жасұлан Дүйсекеев салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстарды баяндады. Келесі мәселе бойынша Таң ауылдық округінің әкімі Қайрат Сейдахметов хабарлама жасап, өзі басқаратын елді мекенде сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында атқарған жұмыстарды кеңінен тарқатты.

– Қылмыстық-құқықтық саясат сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың қатаң жауапкершілігін қамтамасыз ететіні баршаңызға белгілі. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік қызметі туралы және мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексі нормаларын қатаң сақтауға және сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау бағытында жұмыс жасауды тапсырамын. Қарапайым тілмен айтқанда, қызмет бабын жеке бас пайдасына пайдалануға жол бермеңіздер, – деді Ардақ Ибраимов.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысын қорытындылаған аудан әкімі сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, жұмыстардың сапалы орындалуы бақылауда болатынын айтты.

«ЖЖ» ақпарат

Брифинг Кенеден келер қауіп көп

Аймақта былтыр Конго-Қырым геморрагиялық қызбасымен 33 болжамды, 15 ықтимал жағдай тіркелген. Дәл осы дерттің салдарынан 3 адам көз жұмған. Ал ауданда биыл 4 айда кене шағумен 21 жағдай тіркелген, оның 12-сі – 14 жасқа дейінгі балалар. Негізінен 80 пайыз жағдайда 20 мен 60 жас аралығындағы адамдар ауырады. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық аурухананың эпидемиолог дәрігері Гүлжаз Мұратқызы осылай деді.

– Конго-Қырым геморрагиялық қызба осы дерттің вирусынан туындайды, кене шағу арқылы берілетін адамның жедел жұқпалы ауруы. Ауру безгемге, қатты интоксикациямен және тері мен ішкі ағзада қан кетумен сипатталады. Алғаш рет Қырымда М.П.Чумаковпен шөп жинау жұмыстарын жүргізу кезінде ауырған сарбаздар мен қоныс аударушылардың қанын зерттеу кезінде анықталған. 1956 жылы Конгода ұқсас ауру анықталып, бұл вирустың зерттеулері оның Қырымда табылған вируспен толық сәйкестігіне көз жеткізді. Бұл дерттің дер кезінде анықтамаса, арты қайғылы жағдаймен аяқталуы өбден мүмкін, – дейді дәрігер.

Спикер қоздырғыштың табиғи резервуары кеміріштер екенін айтады, ірі қара және уақ малдар, құстар, сүтқорықтардың жабайы түрлері, сонымен қатар вирусты жұмыртқа арқылы ұрпаққа бере алатын және өмір бойы вирус тасымалдаушы болып табылатын кенелер қауіпті екен. Патогеннің көзі – ауру адам немесе жұқтырған жануар. Адамға инфекциясы үй жануарларынан алынған кенелерді қолмен жаншығанда, далада шабындықтан болған кезде, жануарларды күту, табиғатта демалу кезінде, екпелерде жүрген кезде пайда болған, кенелер мекендеу орындарынан оралған итерден, КҚҒҚ вирусын жұқтырған кененің шағуы арқылы немесе ауырған науқастардың қанымен байланыста болған кезде жұғады.

– Негізгі тасымалдаушылар – «Nyulomna marginatus», «Dermacentor marginatus», «Ixodes ricinus» кенелері. Егер



адам уақытылы емделмесе, КҚҒҚ ауруы өлімге әкелуі мүмкін, сондықтан кене шаққан жағдайда дереу көмекке медициналық мекемеге жүгінуіңіз керек. Кене шаққан күннен бастап 14 күнге дейін күніне екі мәзіл дене қызуын өлшеп тұру қажет. Егер дене қызуы аздап жоғарыласа, сондай-ақ мұрыннан немесе қызыл иектен қан кету байқалса, дереу білікті медициналық көмекке жүгіну керек. Инкубациялық кезең бір күннен 14 күнге дейін. Көбінесе 2-9 күн. Ауру жедел дамиды. Дене температурасы қысқа мерзімде 39-40 градусқа дейін және одан да жоғары көтеріледі, бас ауруы, қалтырау, бет пен шырышты қабаттардың қызаруы ауру белгілері болып табылады. Дененің жалпы интоксикациясының белгілері пайда болады. Яғни қатты әлсіздік, бұлшық еттердің, буындардың ауыруы, жүрек айну, құсу пайда болады. КҚҒҚ бар науқастарды емдену тек ауруханалардың жұқпалы аурулар бөлімдерінде жүргізіледі. Қалпына келтірілгеннен кейін 1-2 жылға созылатын имунитет қалады, – дейді спикер.

Дәрігер кенелерді өзің жай алып

тастауға болмайтынын айтады. Сондай-ақ ол «ауруды емдегеннен алдын алған тиімді» дейді. Сондықтан маман кеңесіне құлақ асып, табиғат аясына демалысқа шыққанда немесе орманда, егістікте жұмыс істегенде, қой қыруда, жануарларды күтуде кенеден қорғаудың жеке профилактикалық шараларын ұмытпау керек. Арнайы киімнің маңызы аз емес. Ерекше тиімді нәтижеге арнайы костюмді, арнайы кенелерге қарсы киім өңдеуге арналған химиялық препараттармен біріктіру кезінде қол жеткізіледі. Егер сізде ондай костюм болмаса, барған кезде кенелердің киім астына және терінің ашық жерлеріне кіріп кету мүмкіндігін азайтатындай етіп киіну керек. Шалбар балақтары етікке тығылып, шұлықтың резеңкесі тығыз, мықты болуы керек. Киімнің үстіңгі жағы шалбарға, ал жөндері қолға мықтап бекітілуі керек. Басқа киім де қажет, мысалы, орман оның ұштары жағаның астына тығылғаны дұрыс. Киімнің бір түсті болғаны абзал, себебі ондағы кенелер айқын байқалады.

– Қазіргі уақытта қауіпсіз және тиімді адамдарда немесе жануарларда

қолданылатын вакцина жоқ. Вакцина болмаған жағдайда адамдар арасындағы инфекциялар санын азайтудың жалғыз жолы – қауіп факторлары туралы түсіндірме жұмыстарын арттыру және адамдарды вирустың өсерін шектеу үшін қабылдай алатын шаралар туралы оқыту. Бүгінгі брифингтің де мақсаты сол. Инфекцияның алдын алу үшін негізгі күш аурудың таратқышымен күресуге бағытталады. Мал ұстауға арналған үй-жайларға залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі, табиғи ошақ аумағында орналасқан жайлыларда мал жаюына жол берілмейді. Бөлмеге жаңадан жиналған бұтақтарды, шөптерді немесе жабайы гүл шоқтарын ежелденде аса назар аударған дұрыс. Жеке адамдар қорғаныс киімін киюі керек, кенелердің бар-жоғын өз бетінше және басқалармен бірлесіп өзара тексеруді жүргізу де артық болмайды. Киімдерді, ұйықтау қапшықтары және шатырлар репелленттермен өңделіп, үй ішіне кіргізбей, сырт бөлмелерде сақталған жақ – дейді дәрігер.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Баспасөз конференция ЖІИ: 23 жағдай тіркелген

Ауданда бүгінге дейін алғашқы диагнозбен 23 жедел ішек инфекциясы тіркелген. Оның ішінде 1 жағдай ғана зертханалық жолмен расталған. Жалпы ЖІИ-мен ауырғандардың 78 пайызын 14 жасқа толмаған балалар құрайды. Олардың арасында 3-еуі – 1 жасқа толмаған нәресте, 9-ы – 1-2 жас аралығындағы бала. БАҚ өкілдерімен өткен баспасөз конференциясында аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді.

Спикер халыққа қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін және айналасындағы адамдарға инфекциялық, паразиттік аурулар жұқтырудың анағұрлым ықтимал қауіп төндіретін адамдар арасында ЖІИ аурушандығы тіркелмегенін айтады. Төрт мектепке дейінгі тәрбиелеу ұйымына, 3 білім беру ұйымына баратын балалар арасында ЖІИ жағдайы орын алғанын да жоққа шығармады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарына баратын балалар арасында ауруды жұқтыру жолдарын анықтау мақсатында эпидемиологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, үй ошақтарынан зертханалық сынамалар алынып, мек-

тепке дейінгі тәрбиелеу ұйымдарынан «ҰСО» облыстық филиалы аудандық бөлімшесімен қорытынды залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген.

– ЖІИ тіркелген науқастардан инфекцияны жұқтыруын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіп, нәтижесінде 30 пайызы үйінде сақтау ережесі бұзылған тағамды тұтыну барысында, 13 пайызы белгісіз сауда орынан тұтылған тағамдардан, 57 пайызы белгісіз жолдармен жұқтырғаны белгілі болды. Топтасқан ЖІИ, тағамнан ұлану жағдайлары тіркелген жоқ. Сонымен қатар декреттелген топ адамдары арасында кәсіби тексерілу кезінде зертхана нәтижесімен салмонеллез, дезентерия

қоздырғышын тасымалдаушылары анықталмаған. Декреттелген топ адамдар арасында қоздырғыш тасымалдаушылықты ерте анықтау мақсатында зертханалық зерттеулер кезекті кәсіби тексеруден өту кезінде жүргізіліп келеді, – дейді ауданның бас санитары.

Айта кетейік, балалар арасында, оның ішінде үш жасқа толмаған нәрестелер арасында инфекциялық аурулардың алдын алу, ерте анықтау мақсатында аймақтық медицина қызметкерлері аула аралап, патронаж жүргізу арқылы жүзеге асырады. 3 жасқа толмаған балалар арасында диареясы бар науқасты медициналық ұйымдағы арнайы жабдықталған ауызбен сулан-

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Таным

Өмір жолы өнеге



Сүлтекемен сонау 1990 жылдардың аяғынан бері таныспын. Ол кезде мен аудандық білім бөлімінде бөлім басшысының орынбасары болып жұмыс істеймін. 1998 жылдың күзі. Бірде элеваторда жиын-теріме байланысты жиналыс өтетін болды да, басшының орнына сол жиналысқа мен бардым. Мекемелерде, бөлімдерден тиісті қызметкерлер жиналып қалған екен. Аудан әкімі Қожахмет Баймаханов ағамызды құттық. Бір кезде жиналыс болатын залға отырдан жоғары бойлы, ақ көйлек, галстук, үстінде күздік жеңіл жұқа пәлтесі бар бірі кісі кіріп келе жатты. Отырғандар жапатармағай амандасты. «Бұл кісі кім?» деп сұрадым қасымдағы кісіден. «Тәйтқов Сұлтанмұрат деген ағаң ғой, осы жердің бастығы» деді ол. Сүлтекең сол жерде отырғандарға қарап, «Жігіттер, жиналыс әкімдікте өтетін болды, сол жаққа барайық» деді. жұрт үдере көтеріліп, аудан әкімдігіне бет алды...

Одан бері де біршама уақыттың жүзі болыпты. Кейін Сүлтекең ауданда түрлі жауапты қызметтер атқарды. Еліміз тәуелсіздік алған жылдар, өткен ғасырдың соңы бір қиын кездер еді. Елде түрлі құрылымдық өзгерістер болып жатты, жаңа қоғамдық формацияның қалыптасуы, өмір тұрмысымызға нарықтық қатынастардың енуі, экономика құлдыраған, жұмысшы қызметкерлердің айлар бойы жалақы алмауы тағы басқа қиыншылықтар белең алып тұрған кез еді. Алдыңғы толқын ағаларымыз осы өтпелі кезеңде еңбек етті, елді тығырықтан алып шықты. Солардың қатарында біз әңгіме еткелі отырған Сүлтекең де бар.

Кейін Сүлтекеңмен бірге қызмет істедік. Кейде жолымыз түйсіп, облыс орталығына, ауылдарға түрлі шараларға, жиналыстарға, бірге барып қаламыз. Ондай кезде Сүлтекең сөні жалқытырмайды. Өмірден көрген-түйгендерін айтып отырады. Аудан орталығындағы орта мектепті бітіргенім колхозда шаруашылыққа бір-екі жыл жұмыс істедім. Өз қатарларыммен бірге Кеңес әскері қатарында болып келді.

Әскерден келгенім Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласындағы жеңіл өнеркәсіп технологиясы институтына оқуға бардым. Ол кезде жоғары оқу орнын бітіргенім жолдама беріп, жұмысқа жететін. Сүлтекең де институтты бітіргенім жолдаманы Талдықорған облысына келді. Осындағы Үштебе қаласындағы астық қабылдау комбинатына шебер болып жұмысқа кірісті. Осы комбинатта табаны күркетей он екі жыл жұмыс істеді. Жаман болған жоқ, абыройлы болды. Қызметі де сатылып өсті. Аға шебер, цех бастығы, комбинат директорының орынбасары, директор-президент қызметтерін атқарды.

Комбинатта түрлі ұлт өкілдері жұмыс істейтін. Сүлтекең қандай адам болса да сол азаматтармен тіл табысып, жұмысты ұйымдастыра білді. Өзі сыртта жүрсе де туған жерін ұмытқан жоқ. Жалағаш десе елден тұратын.

Сүлтекеңнің үйі қонақсыз болмайды, өзінің сыйлас достары, ағайын-туыс, құда-жекеат тағы басқа азаматтар Сүлтекеңнің шаңырағында болып, дастарқанынан дәм татты. Іс-сапармен елден барған кісілер болса, қолынан келген көмегі аямайтын. Малдың жемін, құрылық материалдарын беріп, көмек көрсетті.

1990 жылдары еліміз егемендік алып, жоғарыда айтқанымыздай, қысқа жіп күрмеуге келмейтін қиын заман болды. Баяғы совхоздар тарап, бар дүние-мүлік жекешеленіп жатты. Қаржының тапшылығынан мекемелер жабылып, жұмысын тоқтатты. Осындай ел тығырыққа тірелген тоқырау жылдары Сүлтекең де елге барайын деп шешті. Ол жақта да жағдай осындай еді. Сондай қиын кезде «елімізнен бірге болайың, қолдан келген көмегіңді алуға берейің» деген мақсатпен 1998 жылы ауылға көшіп келді. 1998-2003 жылдары аудандағы «Жалағаш астық» акционерлік қоғамының президенті қызметін атқарды. Үштебеде он екі жыл комбинатта жұмыс істеген тәжірибесі бұл жаққа келгенім пайдаға жарайды. Жоқтан бар жасап, қаржы көзін қарастырды. Мекеме жанындағы қосалқы

шаруашылығын дамытып, көкесі, бақша дақылдарын егуді ұйымдастырды. Аудандағы ірі өндіріс орны Жалағаш элеваторында астық қабылдап, сақталатын қоймалар жөндейліп, қайта жаңғыртылды. Жаңадан техникалар әкелініп, жаңа дирмендер бидай түйіп, ұн шығаратын мақоран цехтары жұмыс істей бастады. Жұмысшылар айлық жалақысын уақытылы алып, элеватор жұмысы бір жүйеге келтірілді.

Кешегі кеңестік дәуірде ғұмыр кешкен өкесі Тәйтқов Мұбарак ұзақ жылдар ауданның ауыл шаруашылығы саласында жемісті еңбек етті. 1960 жылдары елде екінші тың деп аталып кеткен мал шаруашылығын өркендетуге бетбұрыстың болғаны белгілі. Осы тұста Мұбарак ақсақал өмірінің соңына дейін жиырма жылдан аса үздіксіз ферма меңгерушісі болып, ауданда мал басының өсуіне өзіндік үлес қосты. Осы уақыттарда өзінің іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетін арқасында Жалағаш совхозының №3 қой өсіретін фермасында мал басын аман сақтап, төл алу көрсеткіштері бойынша жоғары межеге жетті. Мысалы, 1976 жылы фермадағы қой саны 20375 басқа жетіп, әр жүз аналықтан 131-ден төл алынды. Ауданның мал шаруашылығы саласын дамытуға қосқан ерекше еңбегі үшін сол кездегі кеңестер одағаның ең жоғары наградалардың бірі «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасына да иеленді. Мәскеудегі Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне де (ВДНХ) қатысты. Фермадағы еңбекті ұйымдастыру тәжірибесі арнайы шығарылып, облыстың мал шаруашылығымен айналысатын совхоздарына таратылды.

Ерлік те, еңбек те ешқашан ұмытылмайды, Мұбарак ақсақалдың соғыстағы және бейбіт майдандағы ерлік істері ескерісіз қалған жоқ. Мұбарак Тәйтқовтің Ұлы Отан соғысындағы ерлігі мен елге сіңірген еңбегін кейінгі ұрпаққа насихаттап, есте қалдыру үшін аудан орталығындағы бір көшеге есімі берілді. Ақсақалдың соғыстағы және соғыстан кейінгі еңбегі суреттелген А.Тілеулиевтің «Қарақұм перзенті» атты кітабы жарыққа шықты.

Мұбарак ақсақал жұбайы Несібелі екеуі дүниеге Қожамұрат, Атамұрат, Гүлбаршын, Сұлтанмұрат, Айсұлу, Нұрсұлу, Ешмұрат, Бекмұрат есімді сегіз перзент әкелді. «Әке – балаға сыншы» деген Мұбарак ақсақал осы балалардың ішінде Сүлтекеңмен көп үміт күткен екен. Екенін сол үміті ақталды, жасынан зорек болып өскен Сүлтекең мектепте жақсы оқыды. Еңбекке де бейім болып өсті. Көпті көрген сұңғалы өкесі тәрбиесінің де ықпалы аз болған жоқ. «Адамдарға қолыңнан келсе жақсылық жаса, балам, еңбектен өз өміріңді, тағдырыңды тек еңбекпен жасайсың» деген еді ақсақал балаларына. Екенің осы бір өсиеті Сүлтекеңнің өмірлік ұстанымына айналды.

Екі мыңшыны жылдардың басы, ел еңесіні тіктеп, халықтың әлеуметтік жағдайы да жақсара бастаған кез еді. Сүлтекең кейінгі жылдары саяси жұмысқа ауысты, қазіргі «Атапата», бұрынғы «Нұр

Отан» халықтық демократиялық партиясы аудандық филиалы төрағасының орынбасары болып істеді. Партия жұмысы белгілі, мемлекет саясатын жүзеге асыру. Бұл бір шеті-шегі жоқ таусылмайтын жұмыс еді. Елдегі жағдайды назардан тыс қалдырмай, береке мен бірлікті, тұрақтылық пен тыныштықты қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Еліміздің өсіп-көрудейі мен қазақстандықтардың игілігі үшін қабылданған партияның халықтық тұжырымдамасын басшылыққа алып, оны жүзеге асыруға бар күш-жігерін салды.

Партия филиалында аудан тұрғындарымен жеке мәселелер бойынша қоғамдық қабылдаулар өткізіп, олардың арыз-шағымдарын тиісті орындарға жеткізіп, оң шешімін табуына ықпал етті. 2014 жылы «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» автожолының құрылысы жүріп жатыр. Осы жол құрылысында жұмыс істеп жүрген аудан тұрғындары бірнеше ай бойы айлық жалақыларын ала алмай жүргенін айтып, партия филиалының төрағасы Сүлтекеңге келді. Ал Сүлтекең дереу іске кірісіп, жол құрылысын жүргізіп жатқан италиялық компания жұмысшыларына, тиісті мекемелерге хабарласып, жұмысшылардың жалақыларын алып берді. Сондай-ақ Сүлтекең ауданда салынып жатқан әлеуметтік нысандардың, жол ауыз су жүйесі құрылыстарын да бақылауда ұстап, құрылыс жұмыстарының сапалы жүруін, қаржының мақсатты игерілуін қадағалап отырды.

Қолынан іс келетін атпал азамат өзінің міндетті қызметімен ғана айналысып қоймай, қожалық құрып, жеке кәсібін де дөңгелентіп, түрлі акцияларға, қайырымдылық шараларына да белсене атсалысты. Тұрмысы төмен отбасыларға демеушілік жасап, көмек көрсетті.

Ол ауданның қоғамдық-саяси өміріне де белсене араласты. Қазіргі «Атапата» партиясы ғимаратын Сүлтекең іргетасынан бастап, тікелей өзі басықасында жүріп салдырып еді. Жетпей жатқан жер болса, өз қалтасынан қаражат шығарғанын көзіміз көрді. 1999 және 2011 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің үміткер Н.Назарбаевты қолдайтын аудандық сайлауалды штабының төрағасы болды.

Оның түрлі қоғамдық-саяси жұмыстарда сауатты, мәдениетті, өмірлік тәжірибесі мол білікті басшы екенін байқайтынбыз. Қабілетті кадрлар мен мамандарды танып, бағалайтын. Аудандық партия филиалында тәртіпті нығайтып, жас кадрлармен толықтырды. Тапсырма беріп, оның орындалуын қадағалайтын, талғамы биік, істің кезін білетін. Ең басты қасиеті – қоғам алдындағы ар алдындағы ұжым мен ағайын-туыс алдындағы жауапкершілігін сезінетін.

Абыроймен адал қызмет істеген Сүлтекеңнің ел үшін істеген еңбегі ескерісіз қалмады. Жоғары орындардың «Құрмет» грамоталарымен алыс хаттарымен, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталды. Соның ішінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың алыс хаты өзіне ыстық көрінеді. Он жылдан аса Жетісу жерінде де төр төгіп еңбек етті,

ол жақта да абыройлы болды, игілікті істердің басы-қасында жүрді. Өзі жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін алғаш еңбек жолын бастап, жұмыс істеп, басшылық қызметтерге көтерілген Алматы облысының Қаратал ауданының әкімдігі Сүлтекеңге «Қаратал ауданының Құрметті азаматы» деген мәртебелі атақ берді.

Сүлтекеңнің достары, бірге қызмет істеген әріптестері көп. Қармақшы ауданынан әріптесі Раева Гүлжауһар Сүлтекең туралы «Өмірдің жақсы бір кезеңінде қатар қызмет атқарып, ең жақын туысқандай болған азаматтардың орны қашанда бөлек. Сондай азаматтың бірі Сұлтанмұрат еді. Батылдығы, болмысы батырлардың тұлғасындай, сөзі атқан оқтай тұрашыл болатын. Патыма әріптесім айтқандай, біз айта алмай отырғанды күлтелетпей бірден айтатын. Сыйластығы, әріптестік қарым-қатынасы, ортақ мақсатқа жетудегі батыл ойлары елі күнге дейін көз алдымызда» деп еске алады.

Сондай-ақ Қызылорда қаласына қарасты Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Абдрахманов Шәріп Әлбарулы Сүлтекеңнің азаматтық болмысы жайлы былайша толғанады.

– Сүлтекеңмен студент кезімде таныстым. Ол менен бір курс жоғары оқыды. Жамбыл қаласында 1981-1986 жылдары Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының механика факультетін инженер-механик мамандығы бойынша аяқтады. Сүлтекең институттың жолдамасымен Талдықорған облысына аттанып, біраз жылдан Үштебе астық комбинатында жай инженерден комбинат директоры қызметіне дейін өсіп жұмыс істеді. Сырт жерде жүрсе де өзінің іскерлігін таныта білген азамат. Сыр өліне, туған жеріне қай кезде келгенін білмедім. Жалағаштың элеваторын басқарғаны есімде. Сол студенттік кезеңнен кейін 2006 жылы «Отан», кейін «Нұр отан» саяси партиясында, Сұлтанмұрат Жалағаш ауданы мен Қызылорда қалалық филиалының бірінші орынбасары қызметінде жүргенімедей қайта кездестім. Үлкен жүректі азаматтың жарқын бейнесі өлі де көз алдыма. Үлкен құрмет, кішігі ізет көрсетіп жүретін азамат еді. Ашық ойын айқын жеткізе алатын. Ол тек саясаткер емес, білікті маман, жанашыл заман талабына сай кәсіпкер де еді. Дос, әріптес өмірден ерте кетті. Алайда артында жақсы істері мен елге істеген қызметі қалды, – дейді ол.

Осындай естеліктердің ондаған мысалын келтіруге болады. Сүлтекеңмен бірге қызмет істеген кәсіпкерден тек осындай ағынан жарылған, жүрежарды әңгімелерді тыңдайды. Бұл да ағамыздың азаматтық болмысының биіктігі болса керек.

Сүлтекең басшылық жасаған тұста партия жұмысы облыс басшылығы тарапынан да жоғары бағасын алып отырды. Тазалыққа мән беріп, игілікті істерге ұйтық болып жүрген Сүлтекеңнің басты бандығы да бар. Үйінің алдындағы шағын аулада жемістің түр-түрі өседі. Жөңгіміз Райқұл екеуі бір ұл екі қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларды да еңбекке тәрбиелеген. Бұл күнде балалар да өмірден өз орындарын тапқан. Жоғары оқу орнын бітіріп, өз мамандықтары бойынша жұмыс істеп жатыр. Яғни Сүлтекең ағамыздан ертелеу кетсе де оның өмірі ұрпақтарымен жалғасып жатыр. Өмірі өнегеге толы азаматтың саналы ғұмыры өскелең ұрпаққа үлгі.

Тұрақ АДІСҰЛЫ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі

Хабарландыру

«Жалағаш ауданының құрылыс, саулет және қала құрылысы бөлімі» КММ тапсырмасы бойынша «Проектно-исследовательский институт «КАЗАХСТАНПРОЕКТ» ЖШС «Казгипроград» 1 Жобалау институты ЖШС-мен (мердігер) бірге құрамында «Стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есебі» бар «Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінің топографиялық түсірілімі бар бас жоспарын әзірлеу (түзету)» жобасын әзірлеу бойынша жұмыстардың басталғаны туралы барша жұртшылықты хабардар етеді.

Жобаның бас әзірлеушісі – «Проектно-исследовательский институт «КАЗАХСТАНПРОЕКТ» ЖШС. Тел: 8 (7182) 51-33-44; e-mail: kazakhstanproject@mail.ru

Жобаны әзірлеуші – «Казгипроград» 1 Жобалау институты ЖШС (мердігер). Тел: 8 (727)279-00-89; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

Объявление

ТОО Проектно-исследовательский институт «КАЗАХСТАНПРОЕКТ» совместно с ТОО Проектный институт «Казгипроград» 1 (субподряд) по заданию КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Жалағашского района» приступил к разработке проекта «Корректировка генерального плана поселка Жалағаш, Жалағашского района, Кызылординской области» с отчетом по стратегической экологической оценке.

Генеральный проектировщик – ТОО Проектно-исследовательский институт «КАЗАХСТАНПРОЕКТ». Тел: 8 (7182) 51-33-44; e-mail: kazakhstanproject@mail.ru

Разработчик проекта – ТОО Проектный институт «Казгипроград» 1 (субподряд). Тел: 8 (727)279-00-89; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

Хабарландыру

Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі (Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, индекс 120200, Желтоқсан көшесі №3, 3-қабат, тел: 8(72431)32447, zhalsport@mail.kz) «Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің «Наркескен спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

«Наркескен спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы:

Лауазымдық жалмақсы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай **213460 теңгеден 245083 теңгеге дейін** (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Лауазымдық міндеттері:

қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, мекеменің мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің өкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, мекеменің өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;

мекеменің саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды;

оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді;

педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды;

ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдіруді әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді;

барлық құрылымдық бөлімшелердің, олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылды ұйымдастырады, сондай-ақ олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спорты дамытуға бағыттайды;

жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушы-әдіскерлердің біліктілігін арттырады, спортшыларды дайындау деңгейі және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шет елді озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

лауазымды тұлғаларға-орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына мекеме қызметінің жеделген бағыттарын жүргізуді тапсырады;

қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, мекеменің құрылымын, штаттық кестесін, мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен мекеме қызметкерлері өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды;

тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның өкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады;

ұйымның бірыңғай жинақталушы есебін ұсынады. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктенді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім шарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

Біліу тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Зандары;

педагогика, психология және физиология негіздері; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, ерт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

Кәсіптілікке қойылатын талаптар: кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнесті және басқару немесе құқық;

мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) қоса берілетін құжаттардың тізіміне көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);

4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізгімінде №21579 бірлесіп тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманы ұсынады.

Азаматтық қызметке түру кезінде, ол адам сыйбалас жемқорлық қылмысы жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

Көрсетілген құжаттардың бірінші болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелері мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орындағы басшылық берген ұсынымдарды) ұсынады.

Құжаттарды қабылдау мерзімі мен орны: Конкурсқа қатысуға үміткерлерден құжаттарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 (3-қабат, «Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің» коммуналдық мемлекеттік мекемесі) мекен жайы бойынша қолма-қол немесе пошта арқылы қабылданады. **Анықтама үшін телефон:** 8(72431) 32447.

Конкурс өткізу күні мен орны: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3, 3-қабат.

Барлық құжаттар болған жағдайда, сондай-ақ тұлға барлық талаптарға сәйкес келген кезде комиссия құжаттар қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған тұлғаны конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі комиссия хаттамасымен бекітіледі.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен кейін комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды зерделеуді және күнтізбелік он күн ішінде конкурсқа қатысушылармен өңгімелесу өткізеді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (өңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің конкурстық комиссиясы

Байқау



Жалағаштықтар топ жарған жарыс

Мүгедектігі бар балаларды қоғамға бейімдеп, олардың шығармашылығын шыңдау маңызды. Осы орайда облыс орталығында балаларды қорғау күніне орай мүгедектігі бар балалар арасында «Өнерім саған, Қазақстан!» атты байқау өтті. Байқауда аудан бойынша әлеуметтік қызметкерлер Индира Әбиева, Айнұр Жетпісбаева және Нейла Байсынованың жетекшілігімен 6 мүгедектігі бар бала өз өнерлерін көрсетті.

Сайыста аймақтан жиналған өнерлі жастар көп-ақ. Бірі ым-шаралармен өнер айтса, енді бірі қоларбаның үстінде отырып-ақ би биледі. Тағы бірі музыкалық аспаптарды шебер қолданады. Иә, бұл балалардың есту қабілеті бұзылғанымен олардың елден ерек өнері бар. Шерхан Досмағанбетов бұған дейін түрлі сайыстарға қатысып, ерекше дауысымен елді таң қалдырып жүр. Мақсаты орындалды, ол «Менің Қазақстаным» атты өн айтуды өнері бойынша жүлделі орын иеленіп, алғыс хатпен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

– Біз осы фестивальге өнерімзді дайындап келдік. Өн айтуды біреу үйреткен жоқ, өзін үйрендім. Осы кешті ұйымдастырған жандарға рахмет.

Алдағы уақытта осындай шараларға белсенді қатысамын, – дейді Шерхан Досмағанбетов.

Сонымен қатар «Сурет

Сараптама



Утилизация алымы: халыққа қолжетімді баға керек

Бүгінде қазақстандықтар шетелден, яғни Ресей, Қырғызстан, Армения, Грузия секілді елдерден жиі көлік сатып алатын болды. Себебі көлік жүргізушілердің айтуынша, шетелден жеткен көліктердің техникалық жағдайы жақсы, бағасы да қалтаға айтарлықтай салмақ салмайды. Алайда сатып алғын келген автокөлігінің құнына қосылатын утилизациялық алым көлік тізгіндегі келетіндердің қалтасын екі еселеп қағып жатқандай. Импорттық кедендік баж салығы, яғни тауарды сырттан әкелу немесе сыртқа шығару кезінде мемлекет алатын міндетті төлем құны мен кедеге жарату ақысы сатып алған көлігіңнен асып түседі. Сонымен қатар бұл экологтардың да бас аруына айналған мәселе болып отыр. Себебі істен шыққан көлікті кедеге жарату үшін алынатын төлемақы экологияны қорғауға да септігін тигізе алмауда.

Нарықтағы көліктердің 65 пайызы – отандық машиналар

Қазіргі таңда елімізде 20 млн тұрғынға шаққанда 5 млн-дан астам автокөлік бар. Статистикаға сәйкес, былтыр нарықта сатылған көліктердің 65 пайызы отандық машиналарды құраған. Қалған 35 пайызы – импорттық көлік сатып алғандар. Олардың басым бөлігі – премиум кластығы машиналар. Ондай көліктер утилизациялық алым төлеген.

Бұл ретте көліктердің бағасына тоқталсақ, халық арасында сұранысқа ие көліктердің барлығы өзімізде өндіріледі, ал импорттық машиналар өндірілмейді, бірақ олардың бағасы да жоғары, кейбірінің құны 50-60 млн теңгеге дейін жетеді. Утилизациялық алым көлемі – 1-1,5 млн теңге.

Алайда барлық төлемдерді, соның ішінде 3 жылдан асқан автокөліктерге тіркеу алымын алып тастау ескі машиналардың елімізге көптеп жеткізілуіне, экологиялық жағдайдың өдеуі нағашылауына әкеліп соғады. Бұл туралы бірінші вице-премьер Роман Скляр Prime Minister.kz сайтына берген сұхбатында айтты.

– Адамдардан «Сіз осындай ескі көліктерден бөлінетін зиянды газбен демалғыңыз келе ме?» деп сұрау керек. Барлық пікір ескерілуі қажет. Сондай-ақ біздің зауыттарға барып, онда жұмыс істейтін адамдармен сөйлесуге кеңес берер едім. Көсіпорындарда локализация өте жоғары, оның ішінде бұл ауыл шаруашылық техникасына қатысты. Барлық қондырмалар, тірекке жабдықтары, кабиналар дәнекерлеу, бояу, кесу, иілдіру бойынша техникалық операциялар жүзеге асырылады. Біздің сарты міндетіміз – локализацияны арттыруға ұмтылу. Үкіметтің қазіргі алға қойған мақсаты – елімізде мүмкіндігінше көп пайда өкелу үшін ілесіп өндірістерді құру, – деді Роман Скляр.

Айта кетейік, өткен жылы отандық автоөндірушілер 142 мың автокөлік шығарған. Ал осы жаңа көліктерді сатып алғандар утилизациялық алым төлемеген. Мұны Үкімет әрбір азамат өсу бенефициары болып табылатын өз өндірісіміз бен өнеркәсіміздің дамуын ынталандырудамыз деп түсіндірді.

Ескі көліктер 10-15 пайызға қымбаттаған

Ескі көліктер «Колеса» және өзге де сайттарда былтырғымен салыстырғанда 10-15 пайызға қымбат бағада сатылуда. Ең өкініштісі, қымбатшылықтың өлі де тоқтайтын түрі жоқ.

«Автосалондарда машинаның құны 15 пайызға өсті. 5-6 млн теңгенің көлігі 7-8 млн теңгеге қымбаттаған. Дистрибьюторлар жақында бағаны арзан-

датамыз дейді. Бірақ нәтиже жоқ. Бұған мемлекет шектеу қоюы тиіс» дейді көлік тізгіндегі келген азаматтар.

Алайда елдегі көліктер салонының қызметкерлері «бағаны аспаннан алып қоймаймыз, барлығын нарық реттейді» деп ақталуда. Олардың айтуынша, көлік құнының динамикасын бақылау мүмкін емес. Бірақ есім бар. Баға көліктің техникалық жағдайына қарап қойылады.

Шыны керек, дистрибьюторлар үшін көліктердің тез сатылғаны маңызды. Сондықтан олар ең өтімді автокөліктермен жұмыс істегенді тиімді көреді. Бұл – бизнес. Нарықта жапондық автомобильдердің өтімділігі жоғары, одан кейін Оңтүстік Корея көліктеріне сұраныс күшті. Жұрт 5 жылдан аспаған көліктерді жақсы алады, баға да соған сай жоғары болады. Ескі көліктердің ішінде 2013-2014 жылдары шыққандары айтарлықтай қымбаттаған.

2 автозауыт салынып жатыр

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапавтың айтуынша, қазір утилизациялық алым құны бойынша ешқандай өзгеріс болмайды. Сондай-ақ елде жұмыс орындарын сақтап қалу үшін протекционизм қажет екенін айтады. Оның пікірінше, елде автокөліктердің бағасы басқа елдерден сәл жоғары немесе тең.

– Бүгінде министрліктің ең басты жұмысы – көсіпорындарды дамыту, олардың қуаттылығын арттыру. Нақтырақ айтсақ, қазір елде 2 автозауыт салынып жатыр. Онда қанша адам жұмыс істейді. Оны ешкім ескеріп жатқан жоқ. Барлық текетірес неге байланысты? «Киа» зауыты 2025 жылдың ортасында аяқталады. Екінші зауыт Алматы облысында салынады. Онда 90 мың көлік шығарылады. Жұмыс орындарын кім сақтайды? Мен депутаттарға осы сұрақты қойғым келеді, – дейді министр Шарлапаев.

Утильалымнан келетін пайда көп

Иә, халық амал жоқ, сатып алған көлігі үшін бұл міндетті төлемді өтеп жатыр. Бірақ қоғамда «Бұл қыруар қаражат қайда бағытталуда, бір дөкейдің қалтасына кетіп жатқан жоқ па?» деген күмәнді сұрақ туындағаны рас. Алайда Үкімет мұнан түскен қаражат еліміздің дамуына жұмыс істеп жатыр деп сендірді.

Бірінші вице-премьердің айтуынша, жанама салық түрінде түсетін қаражат ашық түрде мемлекет пен азаматтардың қажеттіліктеріне жұмсалуда. «Жасыл даму» АҚ мұны жыл сайын өз есептерінде көрсетеді. Сонымен бірге түскен қаражат арқылы отандық

автопаркты жаңарту, қалдықтарды қайта өңдеу саласын қалыптастыру және өз өндірісін дамыту бойынша басқа да міндеттер шешіледі. Мәселен, 2022 жылы жеңілдетілген автономия беруге 100 млрд теңге, автобус лизингіне 30 млрд теңге бағытталған. Тракторлар мен комбайндардың лизингіне былтыр 50 млрд теңге бөлінген.

Сонымен қатар өңдеу саласын қаржыландыруға 265 млрд теңге қарастырылған, оның ішінде 185 млрд теңге қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салуға, 50 млрд теңге ҚР ТЖМ негізгі құралдарын жаңартуға, 15 млрд теңге автобус лизингіне, 10 млрд теңге орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары үшін өртеу қарсы техникасы сатып алуға жұмсалған.

Соңғы жылдары елімізде ауыл шаруашылығы техникасы мен автомобильдерді ірі тораптық және шағын тораптық құрастыру саласы дамып, көлемі артып келе жатыр. Оған қоса утильалым және басқа да төлемдер еліміздің тарифтік саясатын қалыптастырып, жаңа инвесторларды тарту үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Мәселен, ауыл шаруашылығы техникасына утилизациялық алым енгізілгеннен кейін 1,5 жылдан соң елімізде белгілі неміс бренді келіп, Солтүстік Қазақстан облысында зауыт салған. Шыны керек, бұл көсіпорын бізге өндірісті жүзеге асыруға ешқашан келмес еді, бірақ Үкімет локализацияға қол жеткізу үшін кейбір түзетулер жасап, заңнамаға өзгерістер енгізген. Қостанайдағы «Киа» автомобиль өндіретін зауыты осының мысалы деп айтуға болады, оңтүстік корейлік серіктестер өз елінен тыс жерде көсіпорын салуға және жабдықтар сатып алуға алғаш рет өз қаражатын салған. Айта кету керек, халықаралық тәжірибеде өндіруші елдер өз өнеркәсібін ынталандырудың тарифтік және тарифтік емес шараларын белсенді қолданатын көрінеді.

Үкіметтің сөзіне құлақ түрсең, елімізде утильалымнан келетін пайда көп. Алайда қарапайым халық утильалымға қарсы петиция жариялап, бұл бойынша күмән білдіретіндерін анық көрсетті. Бұл мәселе бойынша Үкіметтің айтуынша, утильалым жанама салық ретінде қарастырылған. Жоғарыда айтқандай, одан түскен қаржы «Жасыл даму» АҚ арқылы жұмсалып, бұл салық болмаса, экологияға бюджет қаржысын жұмсауға тура келеді. Сондықтан утильалым салық болып есептеледі. Әрине, ешкім салық төлегенді ұнатпайды. Бірақ оны төлеу керек. Жұмысартып айтсақ, «утильалым есебін олигархтар байып жатыр» деген теріс пікір екен.

Еске салайық, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі утилизациялық алымға қарсы петицияны қарау үшін жұмыс тобының құрамын бекітті. Жү-

мыс тобына Парламент депутаттары, Өнеркәсіп және құрылыс, Экология және табиғи ресурстар, Қаржы, Ауыл шаруашылығы, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Мәдениет және ақпарат вице-министрлері, Сыртқы істер министрінің орынбасары, басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері енген.

Кедендік баж салығы 2 есе төмендеген

Үкіметтің мәліметінше, еліміз ДСҰ-ға кіргенге дейін кедендік баж салығы автокөліктерге 30 пайызды құрап, қаражат бюджетке түскен. Ал бүгінде Қазақстан ДСҰ-ға кіру арқылы өзіне міндеттемелер алып, өз нарығын ашқан. Нәтижесінде кедендік баж салығы 2 есеге, яғни 15 пайызға төмендеген. Дегенмен көлік шығаратын және кедеге жарату алымын енгізген Ресей Федерациясымен және Беларусьпен біртұтас экономикалық кеңістіктегі Қазақстан бұл елдерден қалыс қала алмайтын көрінеді. Олар утильалым енгізсе, жауап ретінде біздің Үкімет те бұл төлемді енгізді. Бірақ Экологиялық кодексте жеке ЕӨМ операторы осы жанама салықтан келетін қаражатты басқаратын норма болды. Жағдай 2022 жылы түзелеп, қазір экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Жасыл даму» АҚ атынан мемлекет тікелей бенефициар болып табылады.

Жапонияда утильалым 90 долларды құрайды

Көлік саласы дамыған Еуропа одағы елдерінің утилизациялық алымы бәріне ортақ. Шамамен жанадан сатып алған көлікті тіркеуге 100 еуро төлеуі керек. Нидерландыда 45 еуро ғана. Жапонияда утилизациялық алым импорт және экспорт болып бөлінеді. Құнышығы елінің өзінде өндірілген көліктерге алым бір-ақ рет төленеді. Құны көліктің қозғалтқыш көлеміне байланысты. Бірақ 130 доллардан аспайды. Кейбір көліктерге 90 доллар төлейді. Ал импорттық көліктерді 190 долларды. Импорттық көліктердің басым бөлігін салмағы ауыр болғандықтан көбірек төлейді. АҚШ-та шағын көліктердің утилизациялық алымы 100-200, толық көлемді көліктердікі 150-300 доллардың арасы. Ал жүк көліктер мен ауыр техникалардыкі 300-500 долларды шамасы.

Түйін: Жасыратыны жоқ, Үкімет «отандық автокөлік өндірісін» дамытуға жүздеген млрд теңге бағыттайды. Ал белсенділер «бізде автоөндіріс сол күйі қалыпты дамыған жоқ» дейді. Түпті біздегі автоқұрастырушыларды «автоөндірушілер» деп айту қате екенін, олардың локализациялау деңгейін өсіру, яғни қазақстандық өнімдерден құрастырылатын бөлшектердің деңгейін арттыру қажеттігін алға тартуда. Иә, «жел тұрмаса, шептің басы қимылдамайды» демекші, мемлекет утильалым көлемін қайта қарау керек секілді. Себебі алым бағасы өлемдік деңгейден жоғары болмауы керек. Жапондықтар 90 мың теңге төлеп, сапалы көлік тізгінде, өз қазағымыздың көлік мінуі үшін миллиондап шашылғаны қынжылтады.

Жандос ЖАЗКЕН

Жоба

Массмедиа: Сенат заңды мақұлдады

«Массмедиа туралы заңға өзгерістер енеді» деген сөз шыққанда, қоғам, әсіресе БАҚ өкілдері қызу талқыға тастады. Біздің ұжым да сондай бірнеше жиынға қатысты. Бірі «мұндай заң керек емес» десе, енді бірі «заңдағы жаңа өзгерістер қазақ медиасы үшін үлкен мүмкіндікке жол ашады» деді. Иә, журналистер қоғамға жедел шынайы, ашық ақпарат таратуда маңызды миссияны атқарады. Сондықтан мұндай маңызды заңды қабылдауда билік жобаны жан-жақты саралап, талдағаны жөн-ақ. Осы орайда Сенатта «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне массмедиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Массмедиа мәселелері бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізу туралы» заңдар қаралып, екі оқылымда қабылданды.



Заңдарда отандық контентті дамыту мақсатында мемлекеттік емес БАҚ-қа гранттар беру арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктері туралы нормалар қарастырылған. Журналистерге қатысты ескіру мерзімі бір жылға, БАҚ сауалына жауап беру мерзімі 5 күнге дейін қысқартылған.

Бұдан бөлек өзгерістер мемлекеттік тілдегі теле-радио бағдарламалардың апта сайынғы көлемін 50 пайыздан 60 пайызға дейін ұлғайтуды, кезең-кезеңімен 5 пайызға, нақтырақ тоқталсақ, 2025 жылдан бастап 55 пайыз, 2027 жылдан бастап 60 пайызға көшуді көздейді. Сондай-ақ отандық теле-радиобайланыстағы қазақстандық авторлардың, орындаушылардың отандық теле-радиобағдарламалар мен музыкалық шығармалар санын 50 пайыздан 60 пайызға дейін ұлғайту ұсынылды. Мұнан бөлек отандық теле-радио арналардағы шетелдік теле-радио бағдарламаларды қайталап көрсетуді 20 пайыздан 10 пайызға дейін қысқарту жоспарланған. Кодекстер мен заңдарға «БАҚ» деген сөзді «Массмедиа» деген сөзбен алмастыратын өзгерістер енгізілген.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту мақсатымен отандық контентті дамытуға арналған ережелер де қарастырылған. Оқиғаларды объективті түрде жариялау және таратылатын ақпараттың анықтығы – заңда көрсетілген негізгі қағидалардың бірі. Жаңа нормалар арқылы БАҚ қызметін ұйымдастыру шарттары, журналистердің кепілдіктері, олардың азаматтармен және ұйымдармен өзара қарым-қатынасының негіздері де реттелген. Балалар мен мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғауға арналған нормалар да бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, мемлекет, медиа және қоғам арасындағы көпісін Әділетті Қазақстанның берік іргетасына айналуы тиіс. Осы ретте мақұлданған заңдар барлық мүдделі тараптың пікірін ескеретін сапалы жаңа құқықтық модель қалыптастырады деп сенеді халық қалаулылары.

Сонымен қатар кеше қазақ тілінде контент жасап жүрген креативті индустрия өкілдерінің мәселелері де қарастырылған. Жақында өткен креативті индустрия өкілдерінің форумында қазақ тілінде балаларға арналған контент жасап жүрген мамандар біраз проблеманы көтерген. Оның ішінде қаржыландыру, маркетинг, ақпараттарға қолжетімділікті қамтамасыз ету сияқты өзекті мәселелер қозғалған. Осыған байланысты бүгінде қаралып жатқан заң аясында балаларға арнап қазақша контенттер жасайтын жастарды, ұжымдарды қолдау тетіктері де назарға алынған. Осы орайда Сенат алдағы уақытта осы бағытта мүдделі тараптармен тиісті жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр.

Айта кетейік, медиазаңнама жөніндегі сарапшы, Internews-тің заңгері Ольга Диденко медиа нарықтың ашықтығы мен БАҚ-тарды бюджеттен қаржыландыруға қатысты терең талдау жасаған болатын. Ол Заң жобасында еліміздегі мемлекеттік БАҚ-тарға анықтама беретін бап не ереже жоқтығын айтады. Мысалы, телерауышпен не газеттің мемлекеттік ақпарат құралы екенін кім, қалай анықтайтыны, оның қандай формада болатыны, кім және қалай қаржыландыратыны туралы заң жобасында бірде-бір сөйлем жазылмаған. «Мемлекеттік БАҚ-тардың бюджеттен қаржыландырылуы қандай формада жүзеге асырылады? Егер шығындардың 100 пайызы мемлекеттік тапсырма есебінен жабылатын болса, мемлекеттік БАҚ-тар не себепті тағы мемлекеттік тапсырыс аясында ақша алады? Олардың мемлекеттен ақша ала отырып, жарнамалық нарыққа қатысуы әділеттілікке жата ма?» деген секілді бірқатар сұрақ бар.

Статистикаға тоқталсақ, еліміз «Шекарасыз репортерлер» халықаралық ұйымының жыл сайынғы еркін баспасөз рейтингінде 180 елдің ішінде 134-ші орында тұр. Өткен жылмен салыстырғанда 12 сатыға төмендедік, 2022 жылы еліміз 122-ші орынға тұрақтаған.

Жандос ЖАЗКЕН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сәйесімен, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделі және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 933